

«Спорттық жарыстарды өткізу кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2012 жылғы 6 сәуірдегі № 50 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының м.а . 2012 жылғы 23 тамыздағы № 246 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-1 бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Спорттық жарыстарды өткізу кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2012 жылғы 6 сәуірдегі № 50 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7580 тіркелді, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 21 шілдеде № 405-409 (27483) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Стратегиялық даму департаменті (Д.Ү. Қамзебаева) осы бұйрықтың көшірмесін бір апта мерзімінде белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ұ с ы н с ы н .

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төрағаның міндетін атқарушы *М. Омаров*

« К Е Л І С І Л Д І »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Мәдениет және ақпарат министрі

29 тамыз 2012 жыл